

ҒТАХА 16.21.41

DOI: <https://doi.org/10.62724/202540206>

**Раманова Айгул Абибуллаевна\*<sup>1</sup>**

Филология ғылымдарының кандидаты, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан,  
[ramanova2008@mail.ru](mailto:ramanova2008@mail.ru), ORCID ID: 0000-0002-2226-3704

**Махсутова Эльмира Наурызбаевна<sup>2</sup>**

Қазақ тілі мен әдебиеті магистрі, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан, [1982elmira1982@mail.ru](mailto:1982elmira1982@mail.ru),  
ORCID ID: 0009-0003-2609-8894

## ҚАЗАҚ ҚОЛӨНЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЭТНОМӘДЕНИ СИПАТЫ

*Аңдатпа.* Мақалада қазақ қолөнеріне байланысты фразеологизмдердің этномәдени сипатын, олардың материалдық мәдениетпен, халықтық еңбек тәжірибесімен және дәстүрлі дүниетаныммен байланысын зерттеуге арналған. Қазақ тіліндегі фразеологизмдер халықтың күнделікті тұрмысында қалыптасқан қолөнер түрлерінің (жүн өңдеу, киім тігу, ағаш және тас өңдеу, жіп иіру, ұсталық т.б.) тілдік бейнесі ретінде қарастырылады. Автор фразеологиялық тіркестердің пайда болу негізін құрайтын заттық мәдениет элементтерін, олардың бейнелілік табиғатын, семантикалық дамуын және бағалауыштық қызметін талдайды.

Зерттеуде қолөнерге қатысты нақты еңбек құралдары мен әрекеттердің (қалып, астау, ұршық, диірмен, қыл арқан, құлпытас және т.б.) фразеологиялану үдерісі көрсетіліп, олардың адамның мінез-құлқын, әлеуметтік мәртебесін, кәсіби шеберлігін және өмірлік жағдайын сипаттаудағы рөлі айқындалады. Фразеологизмдер этномәдени ақпаратты сақтаушы әрі ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші тілдік мәдени код ретінде қарастырылады.

Мақалада қазақ халқының дәстүрлі қолөнері мен материалдық мәдениетінің тілдегі көрінісі сарапталып, қолөнерге негізделген фразеологизмдердің ұлттық дүниетаным, еңбек философиясы және мәдени жадпен байланысы ашылады. Зерттеудің мақсаты – қазақ тіліндегі қолөнерге қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени мәнін айқындап, олардың ұлттық тілдік сана мен мәдени дәстүрді бейнелеудегі қызметін анықтау. Зерттеу әдістемесі фразеология, этнолингвистика, мәдениеттану және когнитивтік лингвистика элементтерін тоғыстырған пәнаралық тәсілге негізделген.

*Кілт сөздер.* Материалдық мәдениет, халықтық қолөнер, фразеологизмдер, этномәдени атаулар, этномәдени сипаты.

**Раманова Айгул Абибуллаевна\*<sup>1</sup>**

Кандидат филологических наук, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск, Казахстан, [ramanova2008@mail.ru](mailto:ramanova2008@mail.ru),  
ORCID ID: 0000-0002-2226-3704

**Махсутова Эльмира Наурызбаевна<sup>2</sup>**

Магистр казахского языка и литературы, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск, Казахстан, [1982elmira1982@mail.ru](mailto:1982elmira1982@mail.ru),  
ORCID ID: 0009-0003-2609-8894

## ЭТНОКУЛЬТУРНЫЙ ХАРАКТЕР ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ, СВЯЗАННЫХ С КАЗАХСКИМ НАРОДНЫМ РЕМЕСЛОМ

**Аннотация.** В статье рассматривается этнокультурный характер фразеологизмов, связанных с казахским народным ремеслом, а также их связь с материальной культурой, народным трудовым опытом и традиционным мировоззрением. Фразеологизмы казахского языка анализируются как языковое отражение видов ремесленной деятельности, сложившихся в повседневной жизни народа (обработка шерсти, пошив одежды, обработка дерева и камня, прядение, кузнечное дело и др.). Автор анализирует элементы предметной культуры, лежащие в основе формирования фразеологических сочетаний, их образную природу, семантическое развитие и оценочную функцию.

В исследовании показан процесс фразеологизации конкретных орудий труда и действий, связанных с ремеслом (қалып – форма, астау – деревянная тарелка, ұршық – веретено, диірмен – мельница, қыл арқан – волосяной канат, құлпытас – надгробный камень и др.), а также раскрыта их роль в характеристике человеческого характера, социального статуса, профессионального мастерства и жизненных ситуаций. Фразеологизмы рассматриваются как носители этнокультурной информации и как языковой культурный код, обеспечивающий преемственность традиций.

В статье анализируется языковое отражение традиционного казахского ремесла и материальной культуры, выявляется связь ремесленных фразеологизмов с национальным мировоззрением, философией труда и культурной памятью. Цель исследования заключается в выявлении этнокультурного значения фразеологических сочетаний, связанных с ремеслом, и определении их роли в репрезентации национального языкового сознания и культурных традиций. Методология исследования основана на междисциплинарном подходе, объединяющем элементы фразеологии, этнолингвистики, культурологии и когнитивной лингвистики.

**Ключевые слова.** Материальная культура, народное ремесло, фразеологизмы, этнокультурные наименования, этнокультурный характер.

**Ramanova Aigul Abibullaevna**<sup>\*1</sup>

Candidate of philological Sciences, West Kazakhstan innovation and Technology University, Uralsk, Kazakhstan, [ramanova2008@mail.ru](mailto:ramanova2008@mail.ru), ORCID ID: 0000-0002-2226-3704

**Makhsutova Elmira Nauryzbayevna**<sup>2</sup>

Master of Kazakh language and literature, West Kazakhstan innovation and Technology University, Uralsk, Kazakhstan, [1982elmira1982@mail.ru](mailto:1982elmira1982@mail.ru), ORCID ID: 0009-0003-2609-8894

## ETHNOCULTURAL CHARACTERISTICS OF PHRASEOLOGICAL UNITS RELATED TO KAZAKH FOLK CRAFTS

**Abstract.** The article examines the ethnocultural character of phraseological units related to Kazakh folk crafts, as well as their connection with material culture, traditional labor practices, and the national worldview. Phraseological units of the Kazakh language are analyzed as linguistic reflections of craft activities that developed in the everyday life of the people (wool processing, clothing production, wood and stone carving, spinning, blacksmithing, etc.). The

author analyzes elements of material culture that underlie the formation of phraseological expressions, their figurative nature, semantic development, and evaluative function.

The study demonstrates the process of phraseologization of specific tools and actions associated with crafts (qalyp – mold, astau – wooden bowl, urshyq – spindle, diirman – mill, qyl arqan – horsehair rope, qulpytas – gravestone, etc.), and reveals their role in characterizing human traits, social status, professional skill, and life situations. Phraseological units are viewed as carriers of ethnocultural information and as a linguistic cultural code that ensures the continuity of traditions.

The article analyzes the linguistic representation of traditional Kazakh crafts and material culture, revealing the relationship between craft-based phraseological units and the national worldview, philosophy of labor, and cultural memory. The aim of the study is to identify the ethnocultural significance of phraseological expressions related to crafts and to determine their role in representing national linguistic consciousness and cultural traditions. The research methodology is based on an interdisciplinary approach that integrates elements of phraseology, ethnolinguistics, cultural studies, and cognitive linguistics.

**Key words.** Material culture, folk crafts, phraseological units, ethnocultural terms, ethnocultural character.

**Кіріспе.** Қазіргі тіл білімі антропоцентристік көзқарастың күшеюімен сипатталады, оның аясында тіл халықтың мәдениетімен, ойлауымен және рухани тәжірибесімен тығыз байланысты қарастырылады. Бұл тұрғыда тілдің фразеологиялық қорын зерттеу ерекше маңызға ие, өйткені тіліміздегі тұрақты тіркестер этностың ұлттық-мәдени ерекшелігін, тарихи жадын және дәстүрлі өмір салтын айқын көрсететін тілдік бірліктер.

Көшпелі өркениет жағдайында қалыптасқан қазақ тілі дәстүрлі шаруашылық пен халық қолөнерімен байланысты тұрақты тіркестердің бай қабатын жинақтады. Мұндай фразеологиялық бірліктер өз семантикасында қазақ халқының өмірі, еңбек қызметі, эстетикалық түсініктері мен құндылық бағдарлары туралы ақпаратты сақтайды. Осыған байланысты қазақ халық қолөнерімен байланысты фразеологизмдердің этномәдени сипатын зерттеу қазіргі этнолингвистиканың өзекті міндеті болып табылады.

Қазақ халқының дәстүрлі қолөнері ғасырлар бойы ұлттың өмір салтымен, экономикалық жүйесімен, әлеуметтік қатынастармен, рухани және эстетикалық талғаммен тығыз байланысты болды. Киіз басу, зергерлік бұйымдар, былғары және ағаш өңдеу, тоқу, темір ұстасы және қолөнер дағдылары материалдық мұраны құрумен шектеліп қана қоймай, ұлттық дүниетанымды, мәдени кодексті, құндылықтар жүйесін және тарихи сабақтастықты сақтаудың негізгі механизмі болды. Қолөнер үрдістері ұрпақтан-ұрпаққа тіл, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер арқылы шебер мен шәкірт арасындағы сабақтастықтың дәстүрлі моделінің негізінде жеткізіліп отырылды. Сондықтан қолөнер атаулары мен қолөнермен байланысты ұғымдар қазақ тілінің фразеологиялық жүйесіне терең сіңіп, ұлттық бірегейліктің көрінісі ретінде танылады.

Қазақ қолөнерімен байланысты фразеологиялық бірліктер – этностың өмір салтын, дүниетанымын, мінез-құлқын, әдет-ғұрпы мен адамгершілік қағидаттарын бейнелейтін, тілдің көркемдік-символдық қабатын айқындайтын ұлттық тілдік бірліктер. Аталған тұрақты сөз тіркестерінің мазмұны қолөнер атаулары, еңбек құралдарының формасы, өндіріс әдістері мен материалдық мәдениеттің ерекшеліктері негізінде қалыптасады, сонымен қатар әлеуметтік қатынастарды, адамның табиғатын, еңбек этикасын және тілдік белгілер арқылы сұлулық пен шеберлікті бағалау критерийлерін жеткізеді. Зергерлік бұйымдар, киіз үй бөлшектері, жануарлардың терісінен жасалған бұйымдар,

оюланған ағаш заттар мен тұрмыстық заттар фразеологиялық бірліктердің шығу тегін анықтайтын негізгі этномәдени арналардың бірі болып табылады.

Қазіргі тіл білімінде фразеология тек тілдік құрылым деңгейіндегі құбылыс ретінде ғана емес, сонымен бірге халықтың этнопсихологиясы мен ұлттық тұжырымдамалық дүниетанымын бейнелейтін тарихи-мәдени құндылық ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ қолөнерімен байланысты фразеологиялық бірліктерді талдау ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісін тануға, мәдени кодтарды анықтауға және этностың әлеуметтік-рухани мәнін түсіндіруге мүмкіндік береді. Ол ғасырлар бойы бейнелі тіл арқылы жинақталған тәжірибені, еңбек дағдыларын, материалдық мәдениетті, эстетикалық талғамды және қоғамдағы қарым-қатынас үлгілерін сақтайды.

Зерттеудің өзектілігі қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық мәдени мұраны, рухани құндылықтарды және этнолингвистикалық ерекшеліктерді ғылыми зерттеуге деген қажеттіліктің артуына байланысты. Дәстүрлі қолөнерге негізделген фразеологиялық бірліктер ұлттық бірегейліктің тілдік көрінісі ретінде халықтың мәдени жадын, оның дүниетанымын және тарихи сабақтастығын ашады. Сондықтан оларды этномәдени тұрғыдан зерттеу қазақ тілінің бай фразеологиялық қабатын жүйелеуге, тіл мен мәдениеттің сабақтастығын тереңірек ашуға және дәстүрлі қолөнер құбылыстарының мағыналық-семантикалық сипатын нақтылауға мүмкіндік береді. Қолөнермен байланысты атаулар және олармен байланысты қалыптасқан фразеологиялық бірліктер қазақ халқының бірегейлігін көрнекі түрде көрсететін, олардың тұрғылықты жері, кәсіптік және экономикалық құралдары, кәсіптері, өнері, киімдері мен тұрмыстық заттары, ата-бабаларымыздың табиғи байлықты игерудегі тәжірибесі, олардың дүниетанымы туралы мол ақпарат беретін құнды дереккөз болып табылады.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Зерттеу материалы ретінде қазақ тіліндегі қолөнерге қатысты тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, терминологиялық атаулар, этнографиялық сипаттағы лексикалық бірліктер, сондай-ақ қолөнермен байланысты мәтіндер мен фольклорлық үлгілер пайдаланылды. Негізгі тілдік материал І.Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігінен» [1] және Г.Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдер сөздігінен» [2] жинақталды. Сонымен қатар, дәстүрлі қолөнерді, археологиялық деректерді, ғұрыптық тәжірибелерді және тұрмыстық заттардың атауларын сипаттайтын мәліметтер қосымша лингвистикалық және мәдени негіз ретінде қарастырылды. Фразеологиялық бірліктердің мазмұнды табиғатын анықтау барысында олардың шығу тегін, қолданылу аясын, семантикалық даму ерекшеліктерін және этнографиялық мазмұнмен байланысын анықтауға бағытталған мәліметтер қолданылды.

Зерттеу барысында этнолингвистикалық талдау, салыстырмалы-типологиялық әдіс, концептуалистік тәсіл, семантикалық жіктеу және лингвомәдени түсіндіру әдістері қолданылды. Этнолингвистикалық талдаудың көмегімен ұлттық дүниетанымдағы фразеологиялық бірліктердің орны анықталды, материалдық мәдениеттің элементтері, қолөнер атаулары және олардың құрамындағы символдық мағыналар жүйесі талданды. Салыстырмалы әдіс арқылы фразеологиялық бірліктердің тарихи нұсқалары, аймақтық қолдану тәсілдері және көркем мәтіндердегі мысалдар салыстырылды. Семантикалық талдау тұрақты тіркестердің ішкі құрылымын, мағынасының өзгергіштігін, метафоралық сипатын және көркемдік қызметін анықтауға мүмкіндік берді. Лингвомәдени түсіндіру арқылы қолөнермен байланысты фразеологиялық бірліктердегі мәдени кодтар, әлеуметтік принциптер, этикалық өлшемдер және дүниетаным тұжырымдамалары анықталды.

Жан-жақты талдау нәтижесінде қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер жүйесін қалыптастырудағы қолөнер лексикасының рөлі, олардың мәдени және символдық мазмұны, этнографиялық ақпаратты сақтау функциясы және ұлттық құндылықтарды

берудегі орны анықталды. Осы әдістердің үйлесуі фразеологизмнің этномәдени сипатын анықтауға және ғылыми негізделген объективті қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

**Нәтижелер және оларды талқылау.** Өмір сүру жағдайлары мен олардың ерекшеліктері ұлттың әдет-ғұрыптарында, дәстүрлерінде, мінез-құлқында және т.б. терең із қалдырады. Өмір сүру деңгейі халықтың материалдық, әлеуметтік және рухани игіліктермен қамтамасыз етілуімен, оларды тұтыну көлемімен және адамдардың осы игіліктерге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесімен анықталады. Өндіріс пен қоғамдық-саяси қызметтен басқа, адамдардың өмірлік қажеттіліктерін (құралдар, тұрмыстық заттар) қамтамасыз ететін нәрсе – бұл материалдық жағдай немесе мәдениет. Осыған байланысты қазақ ұлттық мәдениетінің табиғаты халық қолөнерімен тығыз байланысты.

Халықтық қолөнер әрбір халықтың заттай және рухани мәдениетінің көрінісі болып табылады. Қолөнер мен өнердің біртектілігі, яғни заттай өндіріс пен рухани мәдениеттің ажырамастай бірлігі – халықтық өнердің шын сипатын түсіндіруіне алып келетін кілті. Халықтық қолөнер – өзінің көркемдік мағынасымен, бітім қасиетімен ғасырдан-ғасырға мұқият сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын алтын қазына. Қолөнер үлгілері тек эстетикалық объект емес. Ол халықтың белгілі бір тарихи кезеңдегі таным-түсінігінен, өмір салтынан, әсемдік туралы талғамынан хабар беретін этноақпараттық қазына [3, 97 бет].

Қазақстанда қолөнер негізінен үй қолөнері ретінде дамыды. Көшпелі тұрмыстың қажеттіліктеріне байланысты қолөнершілер мал шаруашылығына қажетті құрал-саймандар, әбзелдер, ат әбзелдері және т.б. өндірумен айналысты. Сонымен қатар, олар құмнан, тастан, саздан ыдыс-аяқ жасады; күнделікті заттарды мүйізден, сүйектен және былғарыдан безендірді, саздан құрал-саймандар жасап, киім тігеді. Қазақ халқының қолөнерінің ішінде киіз үйлер, ағаш кереуеттер жасау, ағаш ою, кесте тігу, тоқу, киізге басып шығару, сондай-ақ моншақтар, білезіктер, сақиналар, сырғалар, алқалар мен зергерлік бұйымдар сияқты зергерлік бұйымдар кең таралған.

Қазақ зергерлері әрбір тастың өзіне тән қасиеті, ерекшелігі, кереметі бар екенін білген. Олардың біреуі адамға құт әкелсе, ендібірі тіл-көзден сақтайды, ал кейбірінің тіпті құрғақшылықта жаңбыр шақыратын, т.б. қасиеттері бар екен [4, 14 бет]. «Жүзікке қас қондырғандай», «тіл-көзім тасқа», «көзім өтпесін» деген тілімізде қалыптасып, сақталған тұрақты сөз тіркестері де халық ұғымында алтын мен күмістен жасалатын зергерлік бұйымдардың адамның өмірі мен денсаулығына оң әсерлі қасиеті бар екенін дәлелдей түседі.

Халқымызда әйелдің сұлулығын бейнелейтін «*сымға тартқан күмістей*», «*тартқан сымдай*» атты тұрақты сөз тіркесі қалыптасқан. Аталған фразеологизм, әсіресе, әйел баласының мүсін, мүше сұлулығын бейнелеу тәсілі ретінде батырлар жырында көп ұшырасады:

*Сымға тартқан күмістей,  
Он саусақтың саласы ( Қыз Жібек)  
Ұсталарға барсаң қасында  
Тартулы жатқан сымдар бар,  
Сымдарды көр де қолым көр ( Ер Тарғын )  
Белі нәзік талып тұр,  
Тартқан сымнан жіңішке,  
Үзіліп кетпей нағып тұр ( Қыз Жібек ).*

Қазақ зергерлерінің күмісті таңдауының бір себебі, ол қараймайды, соққанда ірімейді және оны жіңішкерту оңай. Ұлттық зергерлік өнерге қатысты қолданылатын

жоғарыдағы тіркестің мағынасына арқау болған «күміс тартқыш – күмісті жіңішкертіп созатын қалып, сым», білдіретін мағынасы – тегіс, жіңішке, мінсіз [5, 42 бет].

Қазақ халқы ат әбзелдеріне ерекше көңіл бөлген. Ер-тоқым жабдықтарын қыздар тағатын сәнді әшекей бұйымдарға ұқсата жасайды. Ер мен басқа да жабдықтар әркімнің жағдайына қарай сәнделеді. Ердің сәнді болуымен қатар оның адамға жайлы болуына да көңіл бөлінген. Ұзақ жолға немесе сапарға шыққан адамның ыңғайлы отыруы, жаумен шайқасуында жеңіске жетуіне де әсер етеді. Ер аттың шайқас немесе жарыс кезінде тік тұрғанда, айналған кездерде адамның ыңғайлы отыруын, жерге құлап түспеуін қамтамасыз етеді. Екінші жақтан, ер тек қана адамның отыруына, ыңғайлы құрал емес, атқа да зиян келтірмейтін құрал болуы тиіс [6, 13 бет]. Мұның бәрін жетік меңгерген халқымыздың тілінде осыған қатысты түрлі фразеологиялық тіркестер пайда болған. Мысалы: *ерттеп міну, ерттеулі аттай, ері мойнынан кетті, ер әбзелін түзеді* деген сияқты ерге байланысты тіркестер бүгінде ауыс мағынада адамға қатысты қолданылады. Сондай-ақ, ат әбзелінің бірі *тізгін* сөзіне байланысты қалыптасқан *тізгінін жиды, тізгінінен айырылды, тізгінін берді, тізгін ұшымен келді, тізгінін тарту /тежеу/, тізгінін тартпау, тізгін тартар бер, тізгінін өз қолына алды, тізгінден ұстады, тізгінге жабысу, тізгінді босатты (жіберді)* т.б. ФТ-тер кездеседі.

Көшпелі өмір салтын ұстанған және өз малдары үшін ыңғайлы орын іздеп жүрген ата-бабаларымызға қоныстану үшін де, бір сәтте жинап, алып жүру үшін де ыңғайлысы киіз үй болғаны белгілі. Қазақтар үшін қасиетті және құрметті ұғымға айналған киіз үйдің құрылысын ер адамдар бұрыннан жүзеге асырғанымен, оның ішкі және сыртқы көрінісі үшін қажетті жабдықтар мен тартымды жасау-жабдығын қазақ әйелдерінің шебер қолдары жасағанын жоққа шығаруға болмайды. Ол кезде жақын жерде қазіргі кездегідей қажет нәрсенің бәрін сатып алатын базар болған жоқ, тіпті егер болса да, нарықта әйелдің әйелдігі мен кәсібилігін көрсететін заттарды сатып алу ақылға қонымсыз болды. Біздің ата-бабаларымыз өз малдарын сататын және өздерінде жоқ заттарды (қант, тұз, шай, мата т.б.) базардан сатып алатын.

Мал шаруашылығы олардың негізгі табыс көзі болғандықтан, ет, сүт, тері мен жүнді ысырап етпейтін қазақтар оларды қалай тиімді пайдалану керектігін білді.

Қазақ әйелдері қолданатын қолөнерге арналған ең көп таралған материалдар – жануарлардың терісі мен жүні. Олардан киім, ыдыс-аяқ және киіз үйге арналған жабдықтар жасалады. Қырқылған қой мен ешкі жүнінен шайырды жуып, алып тастағаннан кейін, әйелдер ешкінің қылын арқанға айналдырып, түбітінен қолғап, орамал, шәлі және тақия тоқиды. Жуылған жүнді кептіргеннен кейін, олар оны төсенішке жайып, екі сабаумен, кезекпен ұрады. Ұрылған және босатылған жүннен арқан еседі. Содан кейін олар жүнді тарайды, таралған жүннен орамдар даярлап, ұршықпен иіреді. Иірілген жүндер алаша, басқұр, текеметтер тоқу үшін қолданылады.

Қазақ халқында шебер адам ұғымы белгілі бір мамандықтағы адамды ғана емес, еңбекті бағалайтын, өз жұмысына жауапкершілікпен қарайтын, тәжірибесі мен талғамы мол адамды білдіреді. Дәстүрлі қазақ қоғамында шеберлік ақылдылықпен, шыдамдылықпен және өмірлік тәжірибемен ұштастыра бағаланады. Сондықтан білікті маманмен байланысты тұрақты тіркестер адамдардың еңбекке, кәсіби мәдениетке және дүниетанымға деген көзқарасын айқын көрсетеді.

Шеберліктің ең жоғары деңгейін білдіретін фразеологиялық тіркестерге «*ағаштан түйін түйген*», «*алтын қол*», «*балды бармақ*», «*бармағынан бал таму*», «*бес аспап*», «*бит қабығынан биялай тоқыған*», «*қолы епті*», «*он саусағынан өнері тамған*», «*темірден түйме тую*», «*ісмер адам*» сияқты тіркестер жатады. Бұл тұрақты тіркестер адамның табиғи талантын, оның жұмысының сұлулығы мен кемелдігін сипаттайды. Мұндағы бал мен алтынның бейнелері еңбек нәтижелерінің құндылығын көрсетеді, ал

қолдар мен саусақтардың соматикалық ерекшеліктері шеберліктің негізгі құралы ретінде танылады. Мұндай фразеологизмдер зергерлер, ағаш ұсталары, қолөнершілер және тоқымашылар сияқты дәстүрлі қолөнершілердің бейнесімен тығыз байланысты.

Шебер тұлғалармен байланысты қазақ тіліндегі мақалдар тобы ұқыптылық пен кәсіби жауапкершілікті де білдіреді. Мысалы, «*Жеті рет өлшеп, бір рет кес*» сияқты тіркестер жұмысты мұқият және сапалы орындауды сипаттайды, бәрін алдын-ала ойластырады. Бұл идиомалардың шығу тегі тігіншілік, ағаш ұстасы және ағаш өңдеу сияқты нақты еңбек тәжірибелеріне негізделген. Бұл қазақ халқы жұмыстағы асығыстықтан гөрі байыптылық пен дәлдікті жоғары бағалайтынын көрсетеді.

Фразеологиялық тіркестердің тағы бір тобы білікті маманның ұқыптылығы мен дәлдігін сипаттайды. «*Иненің көзінен өткен*», «*істің көзін табу*», «*қолынан келу*» деген сияқты тұрақты тіркестер жұмысты мұқият, реттелген және тиімді орындауды білдіреді. Бұл тіркестердің семантикалық негізі нақты еңбек қызметі болып табылады: тігу, өңдеу, құрастыру, метафоралану және адамның мінез-құлқы мен кәсіби қабілеттерін сипаттауға айналу сияқты процестер. Мұндай фразеологиялық тіркестерде әрекет пен нәтиже арасындағы себеп-салдарлық байланыс айқын көрінеді.

Қазақ тілінде шеберлік пен тәжірибенің үйлесімін көрсететін фразеологиялық тіркестер де кең таралған. «*Қолы жатық*», «*қолы төселген*» сияқты тіркестер адамның белгілі бір істі ұзақ уақыт бойы игергенін және кәсіби деңгейге жеткенін көрсетеді. Бұл өрнектерде шеберлік өткінші қабілет ретінде емес, үздіксіз жұмыс пен тәжірибенің нәтижесі ретінде танылады. Мұнда тағы да «*қол*» компоненті негізгі ұғым ретінде жұмыс пен шеберліктің тілдік символына айналады.

«*Ер мойнында қыл арқан шірімес*» фразеологиялық тіркесінің бейнелі негізі көшпелі өмірде кең таралған қыл арқан жасау өнерімен байланысты. Қыл арқан – бұл өте берік және төзімді бұйым, қылды есу арқылы жасалады. Оны жасау үлкен шеберлік пен шыдамдылықты қажет етті. Бұл ерекше қолөнер бұйымының беріктігі ер адамның жауапкершілігімен, оның иығына жүктелген ауыр жүкті көтеру қабілетімен байланыстырылып, фразеологиялық мағынаға көшкен. Демек, бұл тіркесте қолөнер бұйымының физикалық қасиеті әлеуметтік-адамгершілік сапаны сипаттауға негіз болған.

«*Жүндей түтті*» тіркесі жүнді өңдеу процесіне, оны түту процесіне тікелей байланысты. Жүнді сабау, түту процесін көз алдымызға елестетсек, бұл фразеологиялық тіркестің қазіргі мағынасы «быт-шытын шығарды», «дымын қалдырмады» дегенге жақын екендігін көрсетеді. Мұнда жүнді өңдеу процесіндегі нақты физикалық әрекет бейнелі көрініске айналады.

«*Ине-жіптен жаңа өткен*» тұрақты тіркесі кәсіби тігіншілік пен киім тігу кәсібін негізделген. Қолөнерде ине мен жіптен жаңа шыққан өнім ең таза, ұқыпты және мінсіз күйде болады. Қолөнердегі бұл құбылыс адамға, киімге немесе іске ауысып, сапа мен дәлдікті білдіретін тұрақты тіркеске айналған. Бұл тұрақты тіркес мағынасы қолөнердің эстетикалық талаптары сақталғанын көрсетеді.

«*Күзем жүн*» тұрақты тіркесі бастапқыда қой шаруашылығымен байланысты атау, ол жүннің сапасын ажырату тәжірибесіне негізделген фразеологиялық мағынаға ие. *Күзем жүн* – күзде қырыққан жүн. Күзем жүн киіз басуға қолданылады. Бұл тұрақты тіркесте мал шаруашылығы мен жүнді өңдеу тәжірибесі тіркес семантикасына тікелей әсер еткен.

«*Қаптал шапан*» және «*қара шапан*» тұрақты тіркестері дәстүрлі тігін, сәндік және қолданбалы өнермен тығыз байланысты. *Қаптал шапан* – бұл қалың матадан жасалған салтанатты және қымбат киім. Сондықтан фразеологиялық деңгейде бұл атау әлеуметтік бедел мен мәртебені білдіреді. Кәдімгі матадан тігілген күнделікті киім ретінде *қара*

*шапан* әлеуметтік төмендету немесе қарапайымдылық ұғымымен байланысты. халық түсінігінде, шапанның ең маңызды қасиеті – адамның әлеуметтік тегін, қоғамдағы қызметін, жасын, отбасылық жағдайын, кәсіптік жұмысын белгілеу, сол туралы хабар беру, сол арқылы адамның қоғамдық ортадағы орнын белгілеу, сондықтан шапанның киім ретіндегі ішкі семантикасы, ішкі сыры тікелей осы екінші функциясымен байланысты [7]. Шапанның өмірде қолданылуы жолдарын да осы қызметі анықтайды. Осылайша, киім тігу мәдениеті әлеуметтік стратификацияның лингвистикалық көрсеткішіне айналған.

«*Қыл арқан*» жеке тұрып та, тұрақты тіркес қызметін атқарады. Халық қыл арқанның қаттылығы мен беріктілігін ерекше бағалаған. Осы қасиеті абстрактті түрде тілде «мықтылық», «беріктілік», «төзімділік» сияқты мағыналармен астасып, тұрмыстық бұйым символдық мағынаға айналған.

«*Қылбұрау салды*» тұрақты тіркесі арқан есу, мал ұстау кәсібіне негізделген. Қылбұрау – қылдан есіліп, бұрау арқылы қатты қысып ұстайтын құрал. Осы нақты қолөнерлік әрекет әлеуметтік-психологиялық қысымды сипаттайтын фразеологизмге айналып, «қинау, мәжбүрлеу, зорлау» мағынасын білдіреді.

«*Оқалы киім киді*» тұрақты тіркесі зергерлік өнерімен және киім тігу ісімен байланысты. Оқа – алтын, күміс жіптермен жасалатын сәндік элемент. Мұндай бұйымды дайындау жоғары шеберлікті талап еткен. Сондықтан оқалы киім әлеуметтік мәртебе мен салтанаттың белгісі ретінде қабылданып, фразеологиялық мағынада «абыройға бөлену», «беделге ие болу» деген мағыналарды білдіреді.

Келтірілген тұрақты тіркестердің барлығы дерлік қазақтың дәстүрлі қолөнерімен, киім тігу, жүн өңдеу, арқан есу, әшекей жасау сияқты нақты еңбек әрекеттерімен тығыз байланысты. Осы қолөнерлік тәжірибе тілде метафораланып, адамның мінез-құлқын, әлеуметтік жағдайын, кәсіби деңгейін сипаттайтын фразеологиялық тіркестерге айналған. Бұл құбылыс қазақ фразеологиясының этномәдени негізін және қолөнердің ұлттық тілдік санадағы ерекше орнын айқын көрсетеді.

*Бір қалыпқа соққандай* немесе *бір қалыптан шыққандай* тұрақты тіркесі ұсталық, зергерлік ісімен байланысты. Бұл кәсіпте қалып – бұйымды бірдей үлгіде жасау үшін қолданылатын құрал. Бір қалыптан шыққан бұйымдардың пішіні, көлемі, түрі бірдей болады. Осы кәсіптегі бұйым тілде адамдар мен заттардың ұқсастығын білдіретін тұрақты тіркеске айналған.

*Жоны астаудай, қомы астаудай* фразеологиялық тіркестері ағаш өңдеу кәсібімен байланысты. Астау – ағаштан ойылып жасалатын көлемді ыдыс, ал оны жасау үшін ағаштың жоны тегіс, кең болуы шарт. Осы нақты пішіндік сипат дене бітіміне ауыстырылып, «өте семіз» деген тұрақты мағынаға айналған. Ағаш өңдеу ісіне қатысты атау тұрақты тіркес құрамында бейнелі мағынаға ие болған.

*Диірмендей дөңгелетті* тұрақты тіркесі ұн тарту кәсібі мен диірмен құрылымына негізделген. Диірмен тасының дөңгелене айналуы белгілі бір қозғалыс ырғағын, шеңберлі әрекетті көрсетеді. Бұл тұрақты тіркестің мағынасы - «шаруаға пысық болды, бәрін тындырды» дегенді білдіреді.

*Ұршықтай иірді* фразеологиялық тіркесі жіп иіру, тоқымашылық өнерімен байланысты туындаған. Ұршық – жүн мен жіпті иіруге арналған негізгі құрал. Ұршықтың жылдам, бірқалыпты айналуы әрекеттің шапшандығын, икемділігін бейнелейді. Осы қолөнерлік әрекет бір істі «дөңгелетіп әкетті» мағынасын білдіретін тұрақты тіркеске айналған.

*Басына ақ тас қойды, басына көк тас қойды, басына құлпытас қойды* деген тұрақты тіркестер тас өңдеу кәсібімен байланысты. Құлпытас пен тас белгі жасау – қазақтың дәстүрлі тас өңдеу өнерінің бір саласы. Бұл тіркестер фразеологиялық деңгейде

адамның қайтыс болуын, өмірінің аяқталуын білдіретін эвфемистік мәнге ие. Мұнда нақты заттық әрекет (тас қою) өмір мен өлім туралы абстрактілі ұғымды жеткізудің тілдік тәсіліне айналған. Ақ тас, көк тас компоненттері де дәстүрлі дүниетанымдағы символикалық түстер жүйесіне сүйенеді.

Қорытындылай келсек, талданған тұрақты тіркестер қазақ тіліндегі фразеологиялық қордың қолөнермен тығыз байланыстылығын айқын көрсетеді. Ұсталықтағы қалып, ағаш өңдеудегі астау, жіп иірудегі ұршық, ұн тартудағы диірмен, тас қашау ісіндегі құлпытас сияқты нақты заттар мен әрекеттер халық санасында бейнелі ойлаудың өзегіне айналып, тілде ауыспалы мағынада тұрақталған. Осы арқылы қолөнер тек материалдық мәдениет саласы ғана емес, адамның сыртқы келбетін, мінез-құлқын, әрекетін және өмірлік жағдайын сипаттайтын тілдік модельдердің негізі болғаны көрінеді. Демек, мұндай фразеологиялық тіркестер қазақ халқының еңбек мәдениетін, кәсіби шеберлікке деген көзқарасын және этномәдени дүниетанымын сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін маңызды тілдік-мәдени код қызметін атқарады.

**Қорытынды.** Фразеологиялық лексика этномәдени тұрғыдан қазақ тілінің құнды және өте бай қабатын білдіреді. Сондай-ақ, кодификацияланған ақпарат – халықтың өмірі мен халқымыздың эстетикалық талғамы мен қоршаған ортасы туралы білім жүйесі, рухани және гуманистік құндылықтар жүйесі. Қолөнермен байланысты фразеологиялық бірліктер тіл мен адамның сабақтастығын, ұлттық мәдениет пен этникалық өзіндік сананы көрсетеді, ұлт пен әлемнің тілдік бейнесін объективті түрде қалыптастырады. Фразеологиялық бірліктердің мазмұнын тану және олардағы халықтық білім жүйесін игеру арқылы біздің халқымыздың, жас ұрпақтың ұлттық білім базасы рухани және интеллектуалды өсуге, ұлттық менталитетті нығайтуға ықпал ететін толық және кеңейтілген болады. Қолөнермен байланысты фразеологиялық бірліктер ұлттық бірегейлікті нақты анықтайтын идиоэтникалық семантикаға ие, сондықтан қазіргі әлемде кең таралған жаһандану жағдайында оларды тану қазақ халқының ұлттық бірегейлігін түсінуге айтарлықтай ықпал етеді. Фразеологиялық бірліктер халықтың минералды және жер байлығына, жануарлар әлеміне, сондай-ақ адами, әлеуметтік және әлеуметтік-экономикалық қатынастарға қатысты білімі мен тәжірибесін ашады. Фразеологияның лингвомәдени семантикасы қазақ халқының минералдық байлықтарға, тұрмыстық заттар мен сәндік-қолданбалы өнерге, сондай-ақ адамның табиғатпен, қоғаммен және қоршаған ортамен қарым-қатынасына қатысты ғасырлар бойғы ұжымдық рухани және материалдық шығармашылығын бейнелейтіні анық. Сонымен қатар, қолөнермен байланысты тұрақты өрнектер қазақтардың ежелгі дәуірден бергі экономикалық, әлеуметтік және саяси өмірі туралы баяндайды.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Кеңесбаев, І. Фразеологиялық сөздік [Текст] / І. Кеңесбаев. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.
- 2 Смағұлова, Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі [Текст] / Г. Смағұлова. – Алматы: Елтаным, 2010. – 252 б.
- 3 Манкеева, Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері [Текст] / Ж.А. Манкеева. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.
- 4 Байғұтова, А.М. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты [Текст] : филол. ғыл. канд. ... дис. / А.М. Байғұтова. – Алматы, 2008. – 146 б.
- 5 Қасиманов, С. Қазақ халқының қолөнері [Текст] / С. Қасиманов. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 240 б.

6 Байтелиева, Ж.Д. Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі [Текст]: филол. ғыл. канд. ... автореф. дис. / Ж.Д. Байтелиева. – Алматы, 2007. – 30 б.

7 Ғазылхан, А. Қазақтардың дүниетанымы [Текст] / А. Ғазылхан. – Алматы, 1993. – 125 б.

#### REFERENCES

1 Kenesbaev, I. Frazеologiyalyk sozdik [Phraseological Dictionary]. Almaty: Arys, (2007): 800 b. – (In Kaz)

2 Smagulova, G. Magynalas frazeologizmdер sozdigi [Dictionary of Synonymous Phraseological Units]. Almaty: Eltany, (2010): 252 b. – (In Kaz)

3 Mankeeva, Zh.A. Kazakh tilindegi etnomadeni ataulardyn tanymdyk negizderi [Cognitive Foundations of Ethnocultural Names in the Kazakh Language]. Almaty: Zhibek zholy, (2008): 356 b. – (In Kaz)

4 Baigutova, A.M. Kazakh ayeli konseptisinin etnomadeni sipaty [Ethnocultural Characteristics of the Concept “Kazakh Woman”]. PhD diss. (Philology). Almaty, (2008): 146 b. – (In Kaz)

5 Kasиманов, S. Kazakh halkynyn koloneri [Folk Crafts of the Kazakh People]. Almaty: Kazakhstan, (1995): 240 b. – (In Kaz)

6 Baitelieva, Zh.D. Kazakh tilindegi zhylyky malyna katysty frazeologiyalyk tirkesterdin etnomadeni uazhdemesi [Ethnocultural Motivation of Phraseological Units Related to Horses in the Kazakh Language]. PhD abstract (Philology). Almaty, (2007): 30 b. – (In Kaz)

7 Gazylykhan, A. Kazakh-tardyn dunietyanymy [Worldview of the Kazakhs]. Almaty, (1993): 125 b. – (In Kaz)